

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



G•GLOBAL

**Х Астана экономикалық форумы аясындағы
«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

15 маусым 2017ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых

**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

15 июня 2017г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars

**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

PART I

15 June 2017

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)
ББК 65.01
Ә53

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макъш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

Ә53 Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.

Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities » Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330.(063)

БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІҢ ДАМУ ҮРДІСІ

Қасымбек А. Р.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: Abylai_922@mail.ru

Постиндустриалды экономикалық кезеңдегі қоғам өзінің даму барысында, бухгалтерлер мен аудиторлардың өзіндік ролі мен ұлттық экономикадағы даму орнын айқындауды талап етеді.

Қазіргі таңдағы есептің даму үрдісі ғылыми және практикалық болып екіге бөлінеді. Бухгалтерлік есептің негізгі даму үрдісі бухгалтерлік ғылыми зерттеулер көрсеткендей, постиндустриалды экономиканың қалыптасуы мен байланысты аралас нормативті-оң модельдер қолданудан яғни "не болып жатыр» және «не болуы керек» деген өткенді бағалай отырып келешекті болжаудан тұрады [1].

Демек, бұл тәсілдерді бухгалтерлік есепте екі топқа бөліп қарастыруға болады: философиялық (дедуктивті, индуктивті, идеографиялық, эклектикалық тәсілдер); бухгалтерлік (этикалық, экономикалық, ситуациялық, бихевиористикалық, болжалдық; басқару моделінің тәсілі).

Бухгалтерлік тәсілдерді жасау көбінесе эклектикалық түрде болады. Бұл ХХ ғасырдың екінші жартысында бухгалтерлік есептің қолданушыларға ақпарат ұсынуға бағытталуы мен байланысты пайда болды. Мұндай тәсілдер әсіресе саяси тапсырмаларды орындау үшін әдістік түрдегі нақты мәселелерді шешу теориясын жасауда қолданылады. Бухгалтерлік есепте оның ғылым ретінде алға дамуын қамтамасыз ететін зерттеу жүргізудің негізгі екі әдісі бар: пәнаралық тәсіл және транспәндік [1].

Пәнаралық тәсіл – екі немесе одан көп пәндер қатыса отырып нәтижесінде пәнді ортақ түсінуге әкелетін зерттеу тәсілі. Транспәндік тәсіл - негізі пәннен тыс білімдерді іздеу болып табылатын, сенімге негізделген тәсіл.

Пәнаралық тәсілді қолдану бухгалтерлік есептің бүкіл кезеңде пәнаралық мәнде болғанын растайды, сонымен қатар экономикалық және құқықтық бастау ала отырып табиғи қолданбалы сипатта болған.

Пәнаралық тәсіл өзара байланысты пәндерге зерттеу жүргізе келе сол пәндердің әдістемелік құралын пайдалана отырып, бухгалтерлік есептегі мәселелерді шешуде басқа бір қырынан қарауға мүмкіндік береді. Мұндай пәндерге математика, кибернетика, экономикалық теория, мәдениеттану, әлеуметтану, психология, физика, құқық, лингвистика, педагогика және т.б.

Транспәндік тәсіл жоғарыпәндік немесе бірнеше ғылымның теориясының негізінде зерттеу жүргізе келе өзге ғылымдардан алынған нәтижелер мен әдістерді бухгалтерлік есептің теориясын дамыту үшін қолдануға мүмкіндік береді. Мұндай жоғарыпән есепті терең танытатын және дамытатын әдіс пен жасалынады.

Есепте транспәндік құралды іске асырудың көп тараған түрі кибернетикалық және жүйелік тәсіл мен математикалық модельдерді қолдану болып табылады, бұның артықшылығы қолдану барысында сұрақ тудырмайды. Осы аталған зерттеу әдістерінің ішінен жүйелік тәсілді атап өтуге болады, өйткені ол теориялық жүйенің әдісі негізінде бухгалтерлік есептің ілгері дамуына мүмкіндік береді.

Есептің дамуы практикалық қызмет сияқты бухгалтерлік есепті жүргізу әдістеріне өзгеріс енгізумен сипатталады.

Бүгінгі таңда бухгалтерлік есептің перспективті дамуына мыналарды жатқызуға болады:

- ХҚЕС ке бет бұрудың себебімен қаржылық есепті жасаудың тиімді және әмбебап механизмінің қалыптасуы, ол ұйымды тиімді басқару мен қатар шет елдік серіктестермен табысты жұмыс атқаруға мүмкіндік туғызады;

- материалдық және еңбек ресурстарын тиімді қолдану туралы ақпаратты ұсына отырып қолданушыларға арналған біріккен есеп беруге бағытталу;

- ресурс туралы ақпарат ұсыну, ол ұйымның стратегиялық дамуын қамтамасыз етеді. Бұл бағыттың келешегі бар аспектісінің бірі толықтай басқарылмайтын бірақ экономикалық табыстар әкелетін ұйымның сыртқы ортамен байланысты активтерінің есебі (ұйымның сауда белгісі мен бренді);

- ұйымның сандық бағалау мүмкін бола бермейтін ресурстары туралы қаржылық емес ақпарат ұсыну, бұларға әлеуметтік және адами капитал жатады;

- шешім қабылдау үшін перспективті және болжалды ақпарат ұсыну.

Қазіргі таңдағы зерттеулердің негізін ұйымның стратегиясын іске асыруға арналған ақпараттар ұсыну құрайды. Стратегиялық есептің жүйесі келешекте болатын оқиғалар туралы болжамды көрсетеді, ол стратегиялық есеп (стратегиялық баланс, стратегиялық ішкі есептер және т.б.) жасау үшін нақты оқиғаларды модельдеуден тұрады.

Есептің әлемдегі негізгі даму үрдістерінің бірі әр түрлі мемлекеттердегі

компаниялардың есебін ұқсастыру үшін ХҚЕС ке ауысу болып тұр. ХҚЕС тің негізінде бухгалтерлік есепті инвесторлардың қаржылық салымдарын тиімді басқаруына жағдай жасай отырып жүргізу жатыр, ал меншік иесі мен кредиторлар назардан тыс қалып қойған. Бұның әкімшілік арқылы меншік иесінің икеміне қарай жүргізілетін дәстүрлі есептен басты айырмашылығы сол. Бұл айырмашылықтар ХҚЕС жүйесінің дамуын айқындайтын негізгі ерекшеліктерді тудырады:

- баланстың басымдығы;

- тарихи құннан бас тарту;

- меншік тұжырымдамасының басқару тұжырымдамасына ауысуы;

- мүлік есебінен ресурс есебіне өту;

- есепті басқарудан есептілікті басқаруға көшу [5].

Мүліктің нарықтық капитализациясына бухгалтерлік пайдаға қарағанда таза активтердің құны көп әсер етеді, сондықтан ХҚЕС жүйесінде пайда және залал шоттары төмен орын алады себебі есеп инвесторлардың икеміне қарай жүргізіледі, ал инвесторларға мүлкінің құны өзгергені маңызды. Осылайша қолданушылар үшін пайда мен залал шоттары емес баланстың қажеттілігі артады, өйткені компанияның өсімін баланс толық көрсетеді.

ХҚЕС тің келесі заманауи үрдісі тарихи құнның (өзіндік құн) біртіндеп ығыстырып шығарылуы мен оның орнына әділ құнның келуі. Тарихи бағалау төленбеген немесе алынбаған активтерді өлшей алмайды, ол әділ құн арқылы көрсетіледі. Барлық «техникалық әдістердің» арасынан мынадай айқын үрдіс көрінеді: барлығы активтерді пайдаланудан немесе сатудан түсетін кіріске негізделген. Сонымен, әділ құнға өту дегеніміз тарихи құнды ағымдағы кірістік бағалауға ауыстыру. Бұл өту баланс приоритетінің тұжырымдамасынан шығып тұр.

ХҚЕС тегі бағаны есептеу реті активтерді басқару тұжырымдамасымен тығыз байланысты, яғни ұйымның мүлкі ретінде санау үшін меншік құқығы болумен қатар басқара алуыда керек. Бұл концепциядан шығатыны, түрлі объекттерді ұйым активтерінің қатарына қосу немесе шығару сол ұйымның заңды меншігі болуымен емес тараптардың келісімі бойынша жасалады. Сонымен, негізгі құралдар балансқа сол кәсіпорынның меншігі болғандықтан емес оны кәсіпорын қызметі барысында өз қалауы бойынша қолдана алғандықтан қабылданады [4].

Активтердің қатарына ұйымның барлық құралдары жатқызылмайды, тек болашақта табыс әкелетіндері жатады. Бұл әділ құн концепциясымен байланысты өйткені табыс әкелмейтін құралдың құны төмен болады. Екіншіден, құралдың заңды меншік құқығының болуы маңызды емес себебі өзгенің меншігіндегі құралда (жалға алынған) табыс әкеле алады. Үшіншіден, ресурс дегеніміз қолдағы материалдық та материалдық емес те мүліктер, алайда есептің классикалық үлгісінде актив капитализациясынан туындаған шығындар ресурс болып есептелмейді. Осы орайда болашақ кезеңнің шығындары айтарлықтай көрініп

тұр. Мұндай шығындар дебиторлық берешектер, ұзақ мерзімді құқықтар немесе ағымдағы шығындар болып жазылуы керек.

ХҚЕС те «есептік тіркеу» сұрақтары қарастырылмайды тек есептілік пен шектеледі, классикалық модельдің кезінде маңызды болған есептік жазбаны жүргізу басқару саласы мен теориялық зерттеуден кетіп бара жатыр. Есептік жазба жүргізу компанияның жеке жұмысы болып барады. Шығындар есебінен басқа есептік тіркелімдер жүргізу қаржылық есептен кетіп барады. Қаржылық есеп пен басқару есебін бөліп жатқан жаңа айырмашылық есеп пен есептілікті қарсы қойып тұр. Бұл оқиғалар есепті бухгалтерлерден кәсіби қолданушыларға (қаржы аналитиктерге) көшіруде.

Қаржылық есептіліктен біріккен (интегрированный) есептілікке өту қажеттілігі Малайзияда өткен бухгалтерлер мен аудиторлардың VIII әлемдік конгресінде аталғандай бухгалтерлік әдістеменің дамуындағы маңызды үрдістің бірі болып отыр.

Бұл өтудің мәні есептіліктегі ақпараттардың ауқымын кеңейтуде жатыр. Ол материалдық және еңбек ресурстарын қолдану тиімділігін талдау мен бағалауға бағытталу керек, осылай меншік иесі мен басшылықты ақпаратпен қамтамасыз етуі тиіс. Мұндай қажеттіліктің туындауының басты себебі, заманауи цивилизация мен бірге пайда болған әлемдік мәселелер: ресурстардың шектеулігі (жер, су, пайдалы қазбалар және т.б.) және планетамыздағы өндіріс қалдықтарын жою мүмкіндігі. Мұндай шектеулерді жою тиімділігі экономиканың әрі қарай дамуымен байланысты болады [2].

Мұндай ақпараттар бір жағынан еңбек ұжымының қызметтік жағдайының деңгейін анықтау, ал екінші жағынан әлеуметтік тапсырмаларды шешу үшін ұйымның салған салымдары туралы ақпаратпен қоғамды және мемлекетті қамтамасыз ету. Сонымен қатар, әлеуметтік сипаттағы ақпарат экологиялық бағытта қамтуы тиіс.

Ұлттық экономиканы тұрақты дамумен қамтамасыз ету үшін тәуекелді басқару мен өндірістік ұзақ мерзімді жоспар жүйесін енгізуге сүйену керек. Сонымен, біріккен есептіліктің ақпараттарында шаруашылық қызметтің барлық жақтарын сипаттайтын материалдарды жұмсау нормативі, жанармай, энергиялар, ресурс запастарының нормасы, сақтандыру резервтері сияқты жоспарлы көрсеткіштер болуы керек. Бұдан басқа, біріккен есептілікте өндіріс барысында ауаға шығарылып жатқан зиян қалдықтар, өндірістің экологиялық тиімділігі және енгізілген жалпы экологиялық аудит туралы көрсеткіштер болуы керек.

Қазіргі бухгалтерлік есептің даму үрдісін талдай отырып, қоғамның постиндустриалдық даму кезеңіне өтуімен байланысты экономикалық өзгеру жағдайында соған сай жауап беруі тиіс жаңа міндеттер туындайды. Олай болмаған жағдайда, бухгалтерлік есеп негізгі кәсіпорынды ақпаратпен қамтамасыз ету орнынан айырылып қалады.

Осылайша, постиндустриалдық экономикалық кезеңдегі бухгалтерлік есептің негізгі даму үрдісі:

— есепті жүргізу аумағында – бухгалтерлік ғылыми зерттеу тәсілдерінде пәнаралық (междисциплинарный) және транспәндік (трандисциплинарный) әдістерді пайдалану керек;

— есепті жасау – ХҚЕС ке және біріккен есептілікке бағдарлануы керек, ол әлеуметтік мәселелерді шешу мен экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етумен көрініс табады. Мұндай қаржылық емес ақпаратты ұсыну да өз кезегінде тиімді басқару шешімдерін қабылдауға өз үлесін қосады.

Әдебиет:

1. Легенчук С.Ф. Мировые тенденции развития бухгалтерского учета в условиях постиндустриальной экономики // Международный бухгалтерский учет. – 2011, – № 8.

2. Ложников И.Н. Важнейшие тенденции развития бухгалтерского учета // Вестник бухгалтера Московского региона. – 2011, – Вып. №1.

3. Палий В.Ф. Теория бухгалтерского учета: современные проблемы. М., 2007, – 88 с.